



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2021

№ 92/14

Ақсу –Аюлы мекені

с.Ақсу-Аюлы

«Аз қамтылған, көп балалы отбасы
балаларын, денсаулықтары төмен
оқушыларды бір мезгіл ыстық
тамақпен қамтамасыз ету туралы»

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы №235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) және Қарағанды облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 2 ақпандағы №112 бұйрығын басшылыққа ала отырып, сонымен қатар Шет ауданы білім бөлімінің 2021 жылдың 02 ақпанындағы № 15нқ бұйрығы және 25.08.2021 ж №1-3/771 қатынас хаты негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

2021-2022 оқу жылына аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына, денсаулықтары төмен оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ беру ұйымдастырылсын.


1. Меню арқылы тамақтың сапасын қадағалау мектеп медбикесі Л.Т.Тиштықбаеваға жүктелсін.
2. Бракераждық комиссия мүшесі, әлеуметтік педагогтың м.а. Т.Н.Махаева:
 - 2.1. Аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының, денсаулықтары төмен оқушыларының ыстық тамақ ішу уақытының кестесін жасасын.
 - 2.2. Жеке кәсіпкердің асханаға әкелген тамақтарды сертификаты бойынша тексеріп бас аспазшыға тапсыру міндеттелсін.
3. Мектеп асханасына дирекция мүшелерінен әр күнге кезекшілік құрылсын, кезекшіге сол күнгі тамақтың сапасын тамақ берместен бұрын тексеру жүктелсін.
4. 1-4 сынып оқушылардың барлығы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
5. Ыстық тамақтың бағасы 5-11 сыныптарға 400 теңгеден асырылмауын үнемі қадағаласын.
6. Жеке кәсіпкер А. Телпекбаевтың бас аспазшы Г.Шагиноваға әр ай соңында шығыс актісін тапсыру жүктелсін.


Осы бұйрықтың орындалысын бақылау жасау директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ериковаға жүктелсін.

Директордың м.а.  А.М.Садибекова



Таныстым  М.Ерикова

Таныстым  Т.Калимбетова

Таныстым  Л.Тиштықбаева